GWM




# HAVAL H6

АРТЫҚШЫЛЫҚТАРДАН ҚҰРАЛҒАН | СОЗДАН ИЗ ПРЕИМУЩЕСТВ

**Өмір үшін арналған автокөлік. Отбасы үшін. Сенімді ертең үшін.**

Haval H6 – бұл әр күннің жайлылығын, қауіпсіздігін және сенімділігін бағалайтындарға арналған заманауи отбасылық кроссовер.
Ол мәртебелі дизайнды, ойластырылған технологияларды және жүргізушіге, жолаушыларға және отбасыға ыңғайлы кеңістікті үйлесімді түрде біріктіреді.

# ПІШІНДЕРДІҢ КӨРКЕМДІГІ ЖӘНЕ МІНЕЗДІҢ КҮШІ

HAVAL H6 алғашқы көзқарастан-ақ баурап алады: бірқалыпты сызықтар, ойластырылған бөлшектер және заманауи технологиялар талғамды жайлылық пен сенімді қозғалыс атмосферасын қалыптастырып, әр сапарды ләззатқа айналдырады.



# АЙҚЫН СЫЗЫҚТАР. БАТЫЛ БЕЙНЕ

Бірқалыпты пішіндер мен мәнерлі бөлшектердің теңдестірілген үйлесімі автокөлікке серпінді, жинақты мінез береді және оның жолда бар екенін айқындап көрсетеді.



# БАЙСАЛДЫ ДИНАМИКА

Минималды сәндік элементтер, максималды пішін: артқы бөлік тұтас әрі технологиялық болып көрінеді, автокөліктің динамикасын айқындайды.



# БӨЛШЕКТЕРМЕН АЙҚЫНДАЛҒАН МӘРТЕБЕЛІ ДИЗАЙН

Жаңа HAVAL H6 жаңа заманауи жарықдиодты оптика мен мәнерлі радиатор торы бар айқын шанақ сызықтарын және теңдестірілген пропорцияларды біріктіреді.
Серпінді және нық сұлба иесінің мәртебесін көрсетеді және мәңгілікке өзекті болып қалады.




## Жаңа радиатор торы

7 тік және 13 көлденең блоктардың тіркесімі қалқан бейнесін құрастырады және қауіпсіздікті білдіреді.



## Жаңа оптикасы

Әрбір фара 23 жарық диодтан тұрады, ал күндізгі жарық шамдарының пішіні сарқырамадан шабыттандырылған







# ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙ ЖАЙЛЫЛЫҒЫ

HAVAL H6 салоны былғары интерьермен және атмосфералық жарықтандырумен жабдықталған, бұл ыңғайлылық пен стильдің дәл тепе-теңдігін жасайды.

# ИНТУИТИВТІ БАСҚАРУ

Барлық негізгі функциялар 14,6 дюймдік мультимедиалық жүйенің ойластырылған сенсорлық дисплейінде жинақталған, бұл автокөлікті басқаруды қарапайым, дәл және талғампаз етеді.
Сіздің жайлылығыңыз үшін мультимедиалық жүйенің мәзірі қазақ тілін қолдайды.






Проекциялық дисплей (9 дюйм)



Сымсыз зарядтау (50W салқындатқышымен)



Рөлдегі берілістерді ауыстыру



Жылжымалы бөлімі бар панорамалық әйнекті шатыры




Қозғалтқышты түймемен оталдыру



Алдыңғы орындықтарды электржетекпен реттеу

# ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ КӨМЕКШІЛЕР МЕН ҚАУІПСІЗДІК




Жол белгілерін тану жүйесі



Автоматты түрде шұғыл тежеу



Төменгі жылдамдықпен жүргізу функциясы бар бейімделетін круиз-контроль



Автокөліктен қауіпсіз шығуды бақылау



Жолақ ішінде және қозғалыс жолағының ортасында ұстауға көмектесу жүйесі



Бетпе-бет соқтығысу туралы ескерту

# ПАРАЛЛЕЛЬДІ ЖӘНЕ ПЕРПЕНДИКУЛЯРЛЫ ТҮРДЕ АВТОМАТТЫ ТҰРАҚҚА ҚОЮ ЖҮЙЕСІ

Жүйе өзі орынды тауып, автокөлікті тұраққа дәл қояды, соқтығысу қаупін азайтады және күйзелістен арылтады.



# МҮМКІНДІКТІҢ ШЕГІНДЕГІ БЕРІКТІК

Автокөліктің шанағы 71%-ға жоғары беріктігі бар болаттан тұрады, ал оның кейбір элементтері 2000 МПа-мен ыстықтай қалыптанған болаттан жасалған.



# ДНҚ-ДА БЕКІТІЛГЕН ҚАУІПСІЗДІК

35 мс іске қосылу уақыты бар 6 қауіпсіздік жастығы жолаушыларға жоғары қорғаныс денгейін қамтамасыз етеді және инженерлік дәлдікті айқындайды



# ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ТОЛЫҚ ЖЕТЕК ЖҮЙЕСІ

Borg Warner-дің 6-шы буынының толық жетекті жүйесі - жаңа жұмыс алгоритмі және айналу сәтінің таралуын едәуір жақсарта алады, осылайша жол жағдайына қарамастан тұрақты және қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз етеді.



# МАКСИМАЛДЫ КҮШ, МИНИМАЛДЫ ШЫҒЫН

Айналу сәтін өстер арасында жылдам үлестіру. Жанармай үнемділігі. Жақсартылған динамика.

6 AWD режимі: Eco, Standart, Sport, Snow, Sand, Off-road.





# ЕРЕКШЕ ДИНАМИКА

Жаңа HAVAL H6 1,5 литрлік және 2,0 литрлік екі турбо бензинді қозғалтқышты ұсынады. 2 литрлік қозғалтқыш үшін әлемдегі алғашқы 9 сатылы роботты беріліс қорабы (9DCT) қолданылады, ол жоғары динамиканы, жақсы отын үнемділігін және атмосфераға зиянды заттардың шығарылуын азайтады. Бұл үйлесім кез-келген жағдайда басқару мен үдеуден ләззат алуға мүмкіндік береді.



2 литрлік бензинді
турбоүрлемі бар қозғалтқыш
(қуаты 238 а. к./385 Нм)



«Дымқыл» типті, қос іліністі,
9 сатылы робот беріліс қорабы

# ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

| Параметр | 1,5 Turbo (GW4B15L) | 2,0 Turbo (GW4N20A) |
|---|---|---|
| Қозғалтқыш түрі | 4-х цилиндрлі, бензинді, отынды тікелей бүркейтін және турбоүрлемі бар | 4-х цилиндрлі, бензинді, отынды тікелей бүркейтін және турбоүрлемі бар |
| Жұмыс көлемі, см | 1 499 | 1 998 |
| Ең жоғары қуаты, а.к./кВт/айн/мин | 184 / 135 / 5500–6000 | 238 / 175 / 6000 |
| Ең жоғары айналу сәті, Нм/айн/мин | 275 / 1500–4000 | 385 / 1700–4000 |
| Экологиялық класы | Еуро-5 | Еуро-5 |
| Жетек түрі | Алдыңғы | Алдыңғы / автоматты толық |
| Беріліс қорабы | Дымқыл типті қос ілінісу механизмі бар 7 сатылы роботтандырылған беріліс қорабы | Дымқыл типті қос ілінісу механизмі бар 9 сатылы роботтандырылған беріліс қорабы |
| 0–100 км/сағ-қа үдеу, сек | 9,5 | 8,5 / 8,3 |
| Максималды жылдамдық, км/сағ: | 190 | 200 |
| Ұзындығы × ені × биіктігі, мм | 4703 × 1886 × 1730 | 4703 × 1886 × 1730 |
| Дөңгелек базасы, мм | 2 738 | 2 738 |
| Клиренсі, мм | 170 | 170 |
| Жабдықталған массасы, кг | 1 590 | 1630 / 1715 |
| Шиналар өлшемі | 225/55 R19 | 225/55 R19 |
| Алдыңғы аспа | Тәуелсіз, серіппелі, Макферсон типті | Тәуелсіз, серіппелі, Макферсон типті |
| Артқы аспа | Тәуелсіз, серіппелі, көп иінтіректі | Тәуелсіз, серіппелі, көп иінтіректі |
| Жүксалғыш көлемі, л | 560 / 1485 | 560 / 1485 |
| Отын бағының көлемі, л | 60 | 60 |

Бұл деректер сериялық автокөлікке негізделген, белгілі бір көлік құралының сипаттамалары емес және тек ақпараттық мақсатта ұсынылған.
Деректер жария оферта болып табылмайды және автокөліктердің түрлері мен жинақтамалары арасындағы айырмашылықтарды көрсету үшін ғана берілген. Нақты пайдалану жағдайларындағы көрсеткіштер өзгеше болуы мүмкін.

# ГАБАРИТТЕРІ




# ЭКСТЕРЬЕР


Ақ


Қара


Сұр


Алтын түсті

# ИНТЕРЬЕР


Қара


Қоңыр

# ДИСКІЛЕР


19" құйма дискілері

GWM

# HAVAL H6

*«Бұл ақпарат таныстыру мақсатында ғана берілген және жария оферта болып табылмайды». Haval Motor Kazakhstan компаниясы өнімдерді үздіксіз жетілдіру және жақсарту саясатын ұстанады және кез келген уақытта қосымша ескертусіз осы материалда көрсетілген модельдердің ерекшеліктерін, түстерін және жинақтама элементтерін өзгерту құқығын өзіне қалдырады. Модельдердің түстері мен жинақтамаларының үйлесімі олар іс жүзінде болған жағдайда қолжетімді. Түсімен бірге тауардың сыртқы көрінісінің фотосуреттерде көрсетілгеннен айырмашылығы болуы мүмкін. *Өзекті ақпарат пен арнайы ұсыныстар алу және автокөліктердің бар-жоғын білу үшін HAVAL ресми дилерлік орталықтарына хабарласуыңызды сұраймыз.

6 жыл
кепілдіктер